


ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



ЖҰРЫНОВ МҰРАТ ЖҰРЫНҰЛЫ

химия ғылымдарының докторы,
ҰҒА-ның академигі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының
президенті, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ТАҒЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТУЫНДЫ



Заң ғылымдарының докторы профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ресей криминологтар ассоциациясының, Санкт-Петербург, Мәскеу криминологтар клубтарының мүшесі, Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының президенті, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» атты халықаралық журналдың Бас редакторы Есберген Алаухановтың «Ф.Н. Плеваконың сот мәжілісіндегі таңдамалы сөздері» атты жаңа кітабы жарық көрді.

Кітап Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы институты Ғылыми кеңесінің және Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының шешімімен баспаға ұсынылды.




Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аса маңызды істер бойынша аға көмекшісі, заң ғылымдарының кандидаты, Хабылсаят

Әбішевтың пікір жазуының өзі кітап құндылығын аша түседі.

Кітаптың ерекшелігі сол – Ф.Н. Плевконың бұл еңбегі тұңғыш рет түпнұсқадан қазақ тіліне аударылып отыр. Кітаптың тілі жатық, стилі түсінікті.

Ф.Н. Плевако – XIX-XX ғасырда өмір сүрген, әлемге танымал, атақты Ресей адвокаты, қазақтың жиені. Мұндай талантты қайраткердің тағылымды ғақлия сөздері сот саласындағы азаматтарға аса қажет-ақ.

Кітап заң саласы бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттар мен олардың ұстаздарына және жалпы оқырман қауымға аранлады.



Құрылтайшы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN


**№5/2
2020**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENCE JOURNAL

Бас редактор – **Алауханов Е.О.** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң
ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – **Алауханов Е.О.** «Заслуженный деятель Казахстана», доктор
юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.** «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor
of Law Sciences, professor



Әділханова Жанна Сайынқызы
аға оқытушы,
ЖОО дейінгі дайындық кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ



Ыдырысова Гүлжан Асанқызы
аға оқытушы,
ЖОО дейінгі дайындық кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

С.СЕЙІТОВ АБАЙ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН ЕЛДЕР ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНДА

Андатпа. Мақалада әдебиеттанушы С.Сейітов зерттеулеріндегі Абай шығармашылығының өзге ел әдебиеттерімен байланысы, рухани үндестігі айтылды. Абай мен татар ақыны Ғ.Тоқайдың өлеңдеріндегі идеялық бірлік, ұқсастық көрсетілді. Ғалым туысқан халықтар әдебиеттер арасындағы байланыстың рухани дамуға, мәдени өркениетке жетелейтін бағыт екенін атап көрсетеді.

Кілт сөздер: халықтар, әдебиет, байланыс, руханият, үндестік.

Адилханова Жанна Саиновна

старший преподаватель,
факультет довузовской кафедры довузовской подготовки,
КазНУ имени аль-Фараби

Идирисова Гүлжан Асановна

старший преподаватель,
факультет довузовской кафедры довузовской подготовки,
КазНУ имени аль-Фараби

Аннотация. В статье изложена связь творчества Абая с литературой других стран, духовная гармония в исследованиях литературоведа С.Сейитова. В стихах Абая и татарского поэта Г.Токая было показано идейное единство, сходство. Ученый отметил, что связь между родственными народами – это направление, которое ведет духовному развитию, к культурной цивилизации.

Ключевые слова: народы, литература, связь, духовность, гармония.

Adilkhanova Zhanna Saiynovna

Senior Lecturers, Faculty of Pre-University Education,
Department of Pre-University Education,
KazNU named after al-Farabi

Idrisova Guljan Asanovna

Senior Lecturers,
Faculty of Pre-University Education,
Department of Pre-University Education,
KazNU named after al-Farabi

Abstract. The article deals with the connecton of Abay's creativity with the literature of other countries, spiritual harmony in the poems of Abay and Tatar poet G.Tokay, the ideological unity and similaritywere shown. The scientist noted that relations between related people are a direction leading to spiritual development and cultural civilization.

Keywords: the nations, literature, communication, spirituality, harmony.

Әдебиеттану ғылымын дамытуға үлкен үлес қоса жүріп, халықтар достығын насихаттау, оны саралап көрсету жолында С.Сейітов өте үлкен қызмет атқарды. Әдебиеттің дамуында ерекше

орын алатын құбылыс, ол – басқа халықтар әдебиетімен байланыс орнату. Бір-бірінен үйрену, біріндегі жақсы үлгіні бір-біріне үйрету – адамзат қоғамына тән құбылыс. Бұл үрдіс әдебиет сала-

сында да бар. «Жалпы мағынасында алып қарағанда әдеби байланыстар бір әдебиеттің екінші әдебиет әлеміне кірігуі болып табылады. Басқа халықтың жан әлемін, оның мәдениетін, рухани дүниесін танып-білу арқылы өз мәдениетің мен өнеріңнің деңгейін парықтайсың. Әдебиет зерттеуші И.Г. Неупокоева халықтар арасындағы әдеби байланыстың мынандай түрлерін атап көрсетеді: «Тарихи тағдырлары бойынша өзара жақын халықтар әдебиетінің (славян, скандинав, латын-американ әдебиеттерінің, Азия, Африка елдеріндегі халықтар әдебиеттерінің) өзара байланысы. Бір-біріне ұқсас тарихи жағдайда дамып жатқан әдебиеттердің байланысы. Тілдері жақын немесе әдеби тілі ортақ әртүрлі әдебиеттердің (ағылшын және американ, ағылшын және австралиялық, австралиялық және немістік, т.б. әдебиеттердің) өзара байланысы. Әртүрлі тарихи жағдайда және әртүрлі ұлттық көркемдік дәстүрлер негізінде дамығанымен, идеялық-эстетикалық мақсаты бойынша жақын әдеби бағыттардың өзара байланысы. Тарихи бастау-тегі ортақ әдебиеттердің (тәжік және парсы әдебиеттері) байланысы. Тарихи тұрғыдан бір-бірімен аралас-құралас болған мәдениеттердің әлемдік тарихи үдеріске қатысын көрсететін өңірлік байланыстар» [Неупокоева И.М., 1961]. Зерттеушінің пікіріне сүйенсек, тарихи бастау тегі ортақ деп бөлген тармақтан түріктестес халықтар әдебиеті орын алады. Яғни, біздің қазақ әдебиетінің тамырлас, өзектес бағыты айқын аңғарылады. Осының бәрі айналып келгенде біртұтас әлем әдебиетін құрайды. Қазақтың көрнекті ғалымы С.Сейітов – халқымыздың көршілес қырғаз, өзбек, татар, қарақалпақ елдерімен, сондай-ақ орыс, украин, белорус, татар, азербайжан, армян, дағыстан, сынды халықтар әдебиетімен тығыз қарым-қатынаста болғанын зерттеп, бірнеше кітаптар жарыққа шығарған қаламгерлердің бірі. Туыстас халық әдебиеті қайраткерлері – Ш. Айтматов, Т.Уметалиев, Р.Ғамзатов, Ғ.Ибрагимов, М.Жәлил және тағы басқа қаламгерлердің шығармалары қазақ тілінде аударылып, ондағы авторлардың әдеби мұраларының мән-мазмұнына тоқталып, оны қазақтың көрнекті тұлғаларының шығармаларымен салыстыра сипаттауы арқылы ортақ үндестік пен бірлікті аңғартады. Адамзатқа ортақ ой, ортақ мақсат көркем дүниеде ерекше суреттелген тұстарын атап көрсетеді. Жалпы, бұл бағыт ғалымның зерттеулеріндегі мәні терең дүниелер екеіні байқаймыз.

Олай дейтініміз, ғалымның зерттеулерінде ерекше орын алатын бір маңызды мақаланы байқадық. Ол – ұлы Абайды татар халқының көрнекті ақыны Ғаболла Тоқай поэзиясындағы әдеби байланысы хақында. Биыл 175 жылға толып жатқан халқының ұлы ақыны Абай шығармаларының татар тіліне аударылуы, Тоқай мен Абайдың арасындағы үндестік туралы қызықты мәліметтер көпшілікке де, кейінгі ұрпаққа да бей-

мәлім еді. Сондықтан, мерейлі жылға арнап, біз осы ақпарды ұсынғымыз келді. Біз тілге тиек етіп отырған мақала «Абай татарша қалай сөйлейді?» деп аталады. [Сейітов С.1995.] Мақала «Абай татарша қалай сөйледі?» деген атпен 1995жылдың 15 тамызда «Халық кеңесі» газетінде жарық көрген. Бұл еңбекте екі елдің, екі түрлі ортада ғұмыр кешкен қос алып ақынның бірін-бірі көрмесе де шығармашылық бағытындағы әдемі үндестік, сарындастық, рухани байланысты танытатын жырларын зерттеуші салыстыра қарастырады. Оны әсіресе, халықтық сипатынан, гуманистік лебідерінен, өз замандастарын өнер-білімге шақыру ниетінен өрбіген өлеңдерінен байқау қиын емес еді. Әдебиеттегі көптеген зерттеушілер байқай бермейтін осы ұқсастық пен ішкі рухани жақындықты С. Сейітов жақсы аңғарған. Ғалым қазақтың Абайы мен татардың Тоқай шығармашылығын қатар қойып, салыстырады:

«Жазғаным көпшілікке ұнар ма екен?

Ұнаса ұғынатын болар ма екен?» – деп келетін Тоқай тармақтары Абайдың мына сөздерімен астасып жатқанын жақсы байқаған:

«Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқи бер,
Бозбалалар, қолға алып».

Автор шығармаларындағы екі ақынның ой орамдары, сөз кестесі мен парасат пайымын таныта отырып, екі туысқан елдің бауырмалдастығын, тамырластығын дәлелдеуге тырысқан. Ол: «Абай мен Тоқайдың табиғат құбылыстары, өмір мен өлім жайындағы тебіреністерінде бірине-бірі жуықтайтын, үндесетін кестелі тармақтар аз емес», – дей келе, Абайдың татар жұртшылығы алдындағы биік беделін танытатын Тоқай ізбасарларының айтқан пікірлеріне, баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларына тоқталып, ондағы қазақ әдебиеті үшін мақтан тұтарлық, құнды лебіздерге шолу жасайды. Онда ғалым-жан Ибрагимовтың, Шайхзада Бабицтің, Ғұмар Башировтың, Мұхамед Ғайнулиннің, Сибғат Хакимнің, Хатим Усмановтың және басқа да татар ақын-жазушылары мен ғалымдарының бағалы пікірлері бар. Абай өлеңдерінің татар тіліне аударылуына М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тікелей әсері болғандығын ескерсек, бірталай мәселені түсінуге жол ашылады. Автор Абай туындыларының татаршалануы туралы мәліметтерді нақты деректермен келтіріп көрсетеді: «Абай өлеңдерінің татар тіліне тәржімәланып, жеке кітапша болып басылуы қырқыншы жылдардың екінші жартысына тұспа-тұс келеді. Мысалы, «Абай өлеңдері мен поэмалары» деген жинақ 1946 жылы 75 бет көлемінде Қазанда жарық көрген. Содан соң, 1947 жылы «Өлеңдері мен поэмалары» деген атпен Қазанда басылған. Аударған – ақын Махмұт Мақсұт. Зерттеуші

алпысыншы жылдарда татар әдебиетінің клас-сигі Хасан Туфан өзінің Абай шығармаларынан жасаған аудармасын «Социалистік Татарстан» газетінің 1962 жылғы 20-желтоқсанындағы са-нына жариялағанын «Совет әдебиеті» журналы өзінің 1963 жылғы бірінші санында Абайдың екі өлеңін Зәки Нұри тәржімасы арқылы таныстыр-ғанын» айтып өткен. Осыдан-ақ, ғалымның ыж-дахаттылығын, қызыл сөзге емес, ғылыми нақты дерекке сүйенуді қажет ететін байыпты зерттеу иесі екендігін көреміз. 1981 жылы Татарстан-да Абай өлеңдерінің бір томдығы жарық көрді. /«Өлеңдер мен поэмалар. Хикметті сөз. (Қазан. Татарстан кітап баспасы, 1981ж./ Зерттеуші мұны да назардан тыс қалдырмайды: «Бұл – қазақтың кемеңгер ақынының татар тілінде бұрын-соңды жарық көрген жинақтарының ішіндегі ең толы-ғы. Көлемі 10 баспа табақтан асады. Татар тіліне Н. Арслан, Ә.Исхақ, М.Мақсұт, М. Хұсайн, М. Ша-баев сияқты танымал ақындар аударған», – дей келе, ғалым осы аудармалардың сапасына тоқ-талады. «Абай татарша қалай сөйледі?» деген сауалға жауап береді. Бір ғана мысал:

«Мин язмаймын жырларымны ирмәк өчен,
Юк-бар әкият-фәлен сөлеп бирмәк өчен,
Язам күңеле уяу, сизгер, теле йөгерек
Чичән яшләргә фекать бер үрнәк өчен.
(Н. Арслан аудармасы)

Мұнда ол әр ақынның аудармасын келті-ре отыра, салыстыра зерттейді. Бұл кітап татар оқырмандарының ой көкжиегін кеңейтіп, түсі-нігін тереңдете түскендігін көрсетіп береді. Та-тар әдебиетінің көрнекті өкілі Сибғат Хакимнің: «Абай өлеңдерінің қазақшадан татаршаға тәржі-мәлерін оқып шыққан соң, өзінен-өзі «Бұл әде-биеттің негізі неңдей және сол әдебиеттің негізін салушылар кімдер?» – деген сауал туды. Бір кез-де осындай ой Тоқайды оқыған соң да басыма келген. Пушкин, Шевченко, Абай, Тоқайлар осы-лай ойландырады. Олар үшін айырым тақырып, айырым проблема, тұрмыстың неңдей бір жағы жоқ, ұлы бір жамиғат бар, ел бар, халық бар. Кө-ңілде – халық, оның тарихы, тағдыры», – деген пікірі арқылы Абайды татар елінің биік дәрежеде қабылдағанын танытады.

С.Сейітов екі ел арасындағы рухани дәнекер болып тұрған сөз құдіретін осылай танытады. Туысқан халықтар әдебиетінің өзара байланы-сын зерттеу – оның үзбей үнемі жалғастырып келе жатқан ең бір жүйелі еңбек саласы екенін атап өттік. Осының бәрін поэзиясына қосқанда, Сағынғали Сейітов қаламынан өнген еңбектің ұзын-ырғасы 38 кітап болып жарық көрген екен. Бұл өте көп еңбек. Ол туралы қазақтың көрнекті ақыны Хамит Ерғалиев естелік мақаласында жо-ғары баға береді. [Ерғалиев Х., 1977, №46(1376)]. Өз әдебиетіңді терең түсіне отырып, басқа ел-дің әдебиетімен салыстыра сараптау жасау үшін

зерттеуші жан-жақты білімді, әрі бірнеше тілді де меңгерген болуы керек. Оны көркемдік-эсте-тикалық тұрғыдан зерттеп, образдар характерін ашып, ақының биік ойын көрсету арқылы бола-шақ ұрпаққа рухани тазалықты үлгі етеді. Халық-тар арасындағы әдеби-мәдени байланысты жан-жақты талдау – үлкен ізденістерді талап ететін кез-келген ғалымның қолынан келе бермес күр-делі іс. С.Сейітовтің қаламынан осы бағытта жүз-ге тарта зерттеу мақалаларды жарыққа шығарған екен. Олардың маңыздылығы сонда – әдебиетта-ну ғылымының іргетасын қалаудағы аяқ алысын, бағыт-бағдарын айқындауда таптырмайтын құн-ды материалдар. Мәселен, М. Горькийдің қазақ әдебиетімен байланысы турасында жазылған «Его уроки» деп аталтын ғылыми мақаласында 1933 жылы Мәскеуде кездескені оның қазақ әде-биетшілеріне қалдырған зор әсері сөз болады. Бұл – тарихи дерек. Осы жиында одақ көлемін-дегі жазушылардың шығармалары талқыланып, пікірлерімен бөліседі. М. Горькийдің М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сынды алыптарымыздың шығармаларына оң ықпалын тигізгенін айтуға тиіспіз. Оның : «О творческом восприятии горьковской традиции говорит худ-ожническая практика таких гигантов казахской советской литературы, как С. Сейфуллин, Ильяс Жансугуров, Беимбет Майлин, Сабит Муканов, Мұхтар Ауезов и Габит Мусрепов», – деген пікірі осыны мегзеді [М.Горький, М., 1984.64-6]. С.Се-йітов шығармашылығын зерттеу арқылы қазақ әдебиеттануында қазақ қаламгерлерінің басқа ел әдебиетімен тығыз байланысын сөз жүзінде ғана емес, іспен көрсету, шығармашылық тығыз байланыс, қарым-қатынас ыстық ықыласпен бе-кігенін аңғардық. Бұл туралы С. Сейфуллин 1936 жылы жазылған «Қазақ жазушыларының ұлы ұстазы» деген мақаласында: «Мен М. Горькийді жастайымнан біліп, сүйіп өстім. Мен оқыған мұ-ғалімдер семинариясында Алексей Максимович студент жастардың сүйікті жазушысы болатын. Оның есімі студенттер жиынында күн тәртібінен түспейтін, біз оның өлеңдері мен прозасын жат-қа айтатынбыз, студенттер арасындағы таластар-да шығармаларын дәлелдеме ретінде пайдала-натынбыз. 1916 жылы «Мүсіліма» деген өлеңді прозамен жазып шықтым. Мен мұны орыстың ұлы жазушысының өшпес әсерімен жазған едім», – деп жазады. Отызыншы жылдары Сәкен Горь-киймен кездескенін тарихтан білеміз. С. Сейітов қазақ қаламгерлері мен орыс әдебиетшілері ара-сындағы үздіксіз байланыс туралы жазуда жа-лыққан емес, бір-бірінен үйрену, өзіндегіні өзгеге көрсете білу, достық ынтымақтастық – ғалымның шығармашылығының маңызды бөлігін құрай-ды. Оның ізденімпаздылығы мен шыншылдығы әр еңбегінен көрініп тұрады. Сәл нәрсенің өзіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, әр сөздің түп-төркінін қопара тексеретін еңбекқорлығы төл әдебиетіміздің өркендеуіне үлес болып қосылды.

Ғалымның көзі тірісінде жарыққа шығарылмай, жазылғаннан кейін жиырма жыл жатқан «Қазақ-түрікмен әдебиетінің байланысы» деген ауқымды зерттеу еңбегін ерекше атағанымыз жөн болар. Бұл кітап М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен жарыққа 2010 жылдың ақпан айында жарық көрді. Жауапты редакторы ф.ғ.к. Р. Қайшыбаева мен жас ғалым А. Зекенова. Мұнда автор екі халықтың әдеби мұрасының өзара байланысын терең, әрі жан-жақты зерттейді. Кітап майдангер ақынның мерейтойы қарсаңында, яғни Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған шара аясында жарық көріп отыр. Кітап сегіз тараудан тұрады: ««Көрұғлы» және оның қазақша нұсқалары», «Мақтұмқұлы поэзиясындағы бостандық, отаншылдық, туысқандық бірлік сарындары», «Мақтұмқұлы Қазақстанда және қазақ поэзиясында», «Екі республика арасындағы рухани алмасудың жаңа кезеңі», «Берді Кербәбаев және қазақ қаламгерлері», «Түркіменстан және түркімен тұлғасы қазақ кеңес поэзиясында», «Қазақстан сымбаты және қазақ сипаты түрікмен туындыларында», «Жаңа көкжиектер». Байқағанымыздай, бұл еңбекте екі рухани өміріндегі қоянқолтық ынтымағын танытады. Ертеректе жазылған жекелеген мақалалары әдеби байланыстар тақырыбына барар баспалдақтар болса, бұл кітап салмақты монографиялық еңбекте Абайдан бастап, қазақтың айтулы қаламгерлерінің шығармалары туыстас елдер әдебиетімен салыстыра қойып, ондағы жан-жақты терең философиялық ойлардың үндестігін, әуезділігін толыққанды зерттеп көрсетеді. [С.Сейітов, 2010] Мұнда қазақ-түрікмен диалогының барлық қырлары мен түрлері: аудармалар, зерттеулер, сыни пікірлер, қазақ жазушылары мен ақындары шығармашылығы түрікмен тақырыбы және түркімендердегі қазақ тақырыбы қамтылған. Құрастырушы ғалым Р. Қайшыбаева: «Әдебиет зерттеушісі, ғалым, ақын С. Сейітов – бірнеше монография мен сын еңбектердің авторы. Ол қазақ әдебиетінің туысқандық, достық ынтымағы, өзара байланысы және олардың бірін-бірі байытуы мәселелеріне көбірек көңіл бөледі. Әдеби байланыстарға, ұлттық әдебиеттер арасындағы қарым-қатынастарды жүйелеуге, қорытуға деген қызығушылық қазақ әдебиеті мен әдебиеттануында әрқашан да болған. Ал, С. Сейітовтің бұл монографиясында халықтар арасындағы мәдени қатынас терең зерттелді», – деп атап көрсетеді. Қазақ әдебиеті мен өзге ел әдеби-мәдени байланысының көп ғасырлық тарихи тамырластығын зерттеп, болашақ әдебиетшілерге оң бағытын көрсетеді. Бұл кітап оқырманға жиырма жыл кешігіп жетіп отырғанымен, осы күнгі көкейтестілігімен құнды деп есептейміз. Себебі, бұл еңбек бүгінгі күні сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейге көтерілген тұсын нақ көрсететін халықаралық мәдени байланыстың шежіресі болып отыр. Бүгінгі

жас зерттеушілер осы арқылы рухани байланыстың адами құнды қасиеттерді қалыптастыруға қосар үлесін көріп, терең тамырластықты таниды. Біздің әдебиеттану ғылымында осы халықтар арасындағы әдеби байланыстар саласы бұған дейін жан-жақты жүйелі зерттелген жоқ еді.

Автор бұл еңбегінде тек әдеби мәселелермен ғана шектеліп қалмайды, тарихи-туыстық түйіндері берік байланған екі ел руханиятының қоғам талаптарына қатыстылығын, уақыт ағымындағы орнын да анықтауға тырысады. Бұл басқа ұлттық мұраны игеріп сақтаумен қатар оны шығармашылық тұрғыда дамытуды көздейді. Бұл халықтардың тарихында, тағдырында, шаруашылық және мәдениет салаларында ортақ сипаттар, ағайындастықты, бауырластықты аңғартатын белгі-нышандар аз емес. Жайлауы жапсарлас, қыстауы қанаттас екі халықтың қарым-қатынасы ғасырдан-ғасырға созылып, үзілмес желіге жалғасып келеді. Ғалым осы тамырды тереңнен тартып қана қоймай, болашақтағы байланысының үзілмеуіне алтын көпір болған тәрізді. Ол байланысты биік интеллектуальдық-эстетикалық талғам тұрғысынан орнатуға жол салады. Халықтар тарихында, тағдырында, шаруашылық және мәдениет салаларында ортақ сипаттар, ағайындастықты, бауырластықты аңғартатын белгі-нышандар аз емес. Жайлауы жапсарлас, қыстауы қанаттас туыстас халықтың ерте замандардағы қарым-қатынасы ғасырдан-ғасырға созылып, үзілмес желіге жалғасып келеді. «Олардың аңыз бен ертегілерінде, мақал-мәтелдерінде, лиро-эпостық шығармаларында ұқсас сарындар мен әуендер мол ұшырасады. Жазба әдебиетін алсақ, олардың үздік өкілдері бүкіл түркі тілдес халықтарға, солардың ішінде түркімендер мен қазақтарға да жете таныс болған. Мақтымқұлыны әзербайжан өзінің Науаиындай, қазақ өзінің Абайындай қастерлеген, қадір тұтқан, өлмес-өшпес өнерін бағалаған», – деп өте орынды айтады [С.Сейітов., 1997]. Еңбекте Мақтымқұлының, Б. Кербәбаевтың, т.б. мұраларының қалай қабылданғаны, игерілгені және әсері зерттеледі. Олардың мұрасы қабылдауға бейімді топыраққа түскенде, қабылдаушы жақтың рухани өміріне бейім болғанда ғана өмірлі, өнімді, әсерлі болатыны белгілі.

Қорыта айтсақ, қазақ әдебиетінің асыл өнеріне бар ғұмырын арнаған, кеңес дәуірі әдебиетін зерттеп, оған ғылыми жаңалығымен де, ақындық талантымен де орасан зор үлес қосқан қаламгер Сағынғали Сейітов еді. Сонау отызыншы жылдың соңында әдебиет майданына келіп қосылған жас бозбала кезінен тәуелсіз елдің әдебиетінің төрінен абыз ақсақал болып аттанған ол артына мол мұра қалдырып, қазақ әдебиеттануында батыл пікірімен, өткір ойымен келген ғалым өмірінің соңына дейін, тоқсанға таяп, көз жанары суалғанша халқына адал қызмет етті. Артында мол рухани мұрасы қалған әдебиетшінің келер ұрпаққа берері көп. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ру-

хани жаңғыру» бағдарламасында атап көрсеткендей, жаһанданудың көшіне ілесу үшін, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, халықаралық рухани байланыс орнату, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ өсіру бағытында әр түрлі ұлттардың рухани мұраларын игере отырып, мәдениетімізді дамытуымыз керек. Осы пікірдің сабақтастығы болған С. Сейітовтің монографиялық зерттеуінде әдебиеттер байланысының әртүрлі қырлары тарихи-салыстырмалы тұрғыдан қаралып, талдау фактілері қазақтар мен басқа елдер әдебиеті-

мен салыстырғанда ойлау ерекшеліктерін, ұлттық өзгешеліктерін ескере отырып, адамзатқа ортақ парасат-пайым, рухани жақындық, әдеби қарым-қатынастардың тамаша үлгісін береді. Бұларсыз бір халықтың санасында екінші бір халық образының қалыптасу механизімін түсіну қиын. Осының нәтижесінде әдебиеттер мен халықтардың жанды қарым-қатынастарының диалогы пайда болады. Ол диалогтарда әр халықтың Абай сынды ұлы тұлғалары көшбасшы болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Неупокоева И. Некоторые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия национальных литератур. М., 1961.
2. Сейітов С. Абай татарша қалай сөйледі ?. «Халық кеңесі», 1995ж. 15 тамыз.
3. Ерғалиев Х. Қажырлы қаламгер. «Қаз әд», 1977ж. 18 ноябрь, №46(1376).
4. Горький М. Әдебиет туралы. Алматы. Жазушы.1984.
5. Сейітов С. Қазақ- түркімен әдебиетінің байланысы.А.2010.
6. Сейітов С.Кемелдік пен тереңдік. "Қ.Ә"1997.№20, 20 мамыр.